

Альфия Әбдікенқызы Солтанбекова^{1*}, Қанат Хайроллақызы Смағұлова²^{1*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-3513-4012 E-mail: madina-258@mail.ru

²филология ғылымдарының магистрі,

Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0009-0001-8394-655X E-mail: smagulova_72@mail.ru

**АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ МЕНТАЛДЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ
ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

Аңдатпа. Қазіргі тіл білімінде тіл мен танымның өзара байланысын нақты мәтіндік материал негізінде ашу өзекті бағыттардың біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың қара сөздері – адамның ішкі ойлау әрекетін, өзін-өзі тану мен моральдық бағдарын тіл арқылы танытатын бірегей дереккөз. Мақаланың мақсаты – Абай қара сөздеріндегі менталды етістіктердің танымдық сипатын айқындап, олардың мәтіндегі ой әрекетін ұйымдастырудағы қызметін көрсету. Зерттеу міндеттері мыналарды қамтиды: қара сөздердегі менталды етістіктердің қолданысын сөйлем деңгейінде контекстік талдау арқылы анықтау; етістіктің семантикалық өзегі мен қосымша ренктерін ашу; менталды мағынаның берілу жолдарын дара етістік, тіркес, көмекші етістік және тұрақты орамдар арқылы сипаттау; менталды бірліктердің оқырманды өзін-өзі таразылауға, дәлелді пайымға, шындық өлшемін сақтауға жетелейтін функционалдық-қатысымдық қырын көрсету. Эмпирикалық база ретінде Абайдың 45 қара сөзі алынды. Қара сөз тілін зерделеген Р. Сыздық пен Н. Уәлидің тұжырымдары, сондай-ақ етістік пен сөз семантикасына қатысты А. Байтұрсынұлы, Ы. Маманов, А. Ысқақов, Н. Оралбаева, М. Оразов, Б. Қасым еңбектеріндегі қағидалар әдістемелік тірек болды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы менталды етістіктердің қара сөздердегі жүйесін олардың танымдық қызметімен байланыстыра сипаттап, «ақыл, ой, көңіл» тірек сөздері арқылы жасалатын күрделі құрылымдардың мәтін логикасын құраудағы рөлін көрсетумен байланысты. Практикалық құндылығы: Абай қара сөздерінің тілін оқыту мен мәтіндік талдау тәжірибесінде, менталды етістіктерді семантикалық-қызметтік тұрғыдан сипаттайтын сөздік және оқу-әдістемелік материалдар әзірлеуде, қазақтілді ЖИ жүйелері, соның ішінде QazLLM үлгілерін оқытуға арналған мазмұнды дерек пен датасет құрастыруда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: менталды етістік; қара сөз; ой әрекеті; танымдық әрекет; QazLLM.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Солтанбекова А.Ә., Смағұлова Қ.Х. Абай қара сөздеріндегі менталды етістіктердің танымдық сипаты. *TiltanyM*, 2026. №2 (102). 93-105-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-93-105>**Альфия Абдикеновна Солтанбекова^{1*}, Қанат Хайроллаевна Смағұлова²**^{1*}автор-корреспондент, кандидат филологических наук,

Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-3513-4012 E-mail: madina-258@mail.ru

²магистр филологических наук,

Университет международного бизнеса имени Кенжеғали Сағадиева, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0009-0001-8394-655X E-mail: smagulova_72@mail.ru

**КОГНИТИВНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА МЕНТАЛЬНЫХ ГЛАГОЛОВ
В «СЛОВАХ НАЗИДАНИЯ» АБАЯ**

Аннотация. В современном языкознании одним из актуальных направлений стало выявление взаимосвязи языка и познания на основе конкретного текстового материала. В этом отношении «Слова назидания» Абая представляют собой уникальный источник, раскрывающий через язык внутреннюю мыслительную деятельность человека, процессы самопознания и нравственную ориентацию. Цель статьи – определить когнитивную характеристику ментальных глаголов в «Словах назидания» и показать их роль в организации мыслительной деятельности в тексте. Задачи исследования включают: 1) контекстуальный анализ употребления ментальных глаголов на уровне предложения; 2) раскрытие их семантического ядра и дополнительных смысловых оттенков; 3)

описание способов выражения ментальности через простые глаголы, словосочетания, вспомогательные глаголы и устойчивые обороты; 4) выявление функционально-коммуникативного потенциала ментальных единиц, направляющего читателя к саморефлексии, аргументированному рассуждению и сохранению критерия истины. Эмпирическую базу составили 45 «Слов назидания» Абая. Методологической опорой послужили выводы Р. Сыздык и Н. Уали о языке «Слов назидания», а также принципы, разработанные в трудах А. Байтурсынулы, Ы. Маманова, А. Исакова, Н. Оралбаевой, М. Оразова и Б. Касым по проблемам глагола и семантики слова. Научная новизна заключается в описании системы ментальных глаголов в «Словах назидания» в связи с их когнитивной функцией и в выявлении роли сложных конструкций с опорными словами «ақыл» (разум), «ой» (мысль), «көңіл» (душевное состояние/настроение) в формировании текстовой логики. Практическая значимость связана с преподаванием языка «Слов назидания» и практикой текстового анализа, разработкой словарных и учебно-методических материалов, а также с созданием содержательных данных и датасетов для обучения казахскоязычных ИИ-систем, включая модели QazLLM.

Ключевые слова: ментальный глагол; проза; мыслительная деятельность; познавательная деятельность; QazLLM.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR24993244 «Совершенствование Национального корпуса казахского языка как мегапроекта Smart-текстов и основы казахского искусственного интеллекта, разработка его подкорпусов».

Для цитирования: Солтанбекова А.А., Смагулова К.Х. Когнитивная характеристика ментальных глаголов в «Словах назидания» Абая. *Tiltanyt*, 2026. №2 (102). С. 93-105. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-93-105>

Alfiya Soltanbekova^{1*}, Kanat Smagulova²

^{1*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences,
Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-3513-4012 E-mail: madina-258@mail.ru

²Master of Philological Sciences, Kenzhagali Sagadiyev University of International Business,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0001-8394-655X E-mail: smagulova_72@mail.ru

COGNITIVE CHARACTERISTICS OF MENTAL VERBS IN ABAI'S "THE BOOK OF WORDS"

Abstract. In contemporary linguistics, identifying the relationship between language and cognition on the basis of concrete textual material has become one of the key research directions. In this respect, Abai's "The Book of Words" offers a unique source that reveals, through language, a person's inner thought processes, self-knowledge, and moral orientation. The aim of this article is to determine the cognitive characterization of mental verbs in Abai's "The Book of Words" and to demonstrate their role in organizing mental activity within the text. The study addresses the following tasks: 1) contextual analysis of mental-verb usage at the sentence level; 2) elucidation of their semantic core and additional meaning nuances; 3) description of how mental meaning is expressed through simple verbs, verb phrases, auxiliary-verb constructions, and stable idiomatic patterns; and 4) identification of the functional-communicative potential of mental units that guides the reader toward self-reflection, reasoned judgment, and adherence to a criterion of truth. The empirical basis comprises all 45 Words of Edification by Abai. The methodological framework draws on the analyses of R. Syzdyq and N. Uali regarding the language of Abai's prose, as well as principles developed in works by A. Baitursynuly, Y. Mamanov, A. Isakov, N. Oralbayeva, M. Orazov, and B. Kassym on verb studies and lexical semantics. Scientific novelty lies in describing the system of mental verbs in relation to their cognitive function and in showing how complex constructions built around the key lexemes ақыл (reason), ой (thought), and көңіл (inner state/mood) contribute to textual logic. The practical value of the study relates to teaching Abai's prose and text analysis, developing lexicographic and instructional materials, and creating content-rich data and datasets for training Kazakh-language AI systems, including QazLLM models.

Keywords: mental verb; prose; mental activity; cognitive activity; QazLLM.

Source of financing: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993244 "Enhancing the National Kazakh language Corpus as a megaproject of Smart-texts and Kazakh artificial intelligence base, development of its subcorpora".

For citation: Soltanbekova, A., Smagulova, K. Cognitive characteristics of Mental Verbs in Abai's "The Book of Words". *Tiltanyt*, 2026. No.2 (102). Pp. 93-105. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-93-105>

Кіріспе

Менталдылық ұғымы тіл мен таным сабақтастығын түсіндіретін өзекті категориялардың бірі. Бұл термин адамның санасында қалыптасқан дүниені қабылдау, ұғыну, бағалау, шешімге

келу тәрізді ішкі әрекеттердің жалпы жүйесін білдіреді. Менталдылық тек «ойлау» деңгейімен шектелмей, адамның рухани тәжірибесін, өмірлік ұстанымын, мәдени жадын, құндылық өлшемдерін де қамтиды. Әр халықтың тарихи жолы, тұрмыс-тіршілігі, дүниені тану дағдысы тілде жинақталып, тұрақталып отырады. Сондықтан менталдылықты тілдік деректер арқылы тану – ұлттың ойлау үлгісін, мәдени кодын және санадағы қалыптасқан таным тәсілдерін нақты мәтіндер негізінде сипаттауға мүмкіндік береді. Тілдегі «жүрек көзі», «көңілге қону», «көңілге түю» сияқты тіркестер адамның ішкі әлеміне тән түсініктердің тілдік бедерін көрсетсе, менталды етістіктер сол ішкі әлемнің әрекеттік қырын айқындайды.

Қазіргі кезеңде тіл білімінде адамның когнитивтік әрекетін білдіретін тілдік құралдарға, соның ішінде менталды етістіктерге қызығушылық артып отыр. Өйткені *ойлау, түсіну, білу, пайымдау, сезіну, еске сақтау, күмәндану, сену* сияқты психикалық үдерістер тіл арқылы бейнеленеді және мәтінде белгілі бір танымдық бағдарды қалыптастырады. Менталды етістіктер адамның интеллектуалдық қызметін ғана емес, сол қызметтің бағытын, қарқынын, нәтижесін де аңғартады: бір жерде ой «бекітіледі», бір жерде «тексеріледі», бір жерде «қорытылады» немесе «күдікпен таразыға салынады». Осы арқылы тілдік санадағы әрекеттердің бірізділігі көрінеді. Мұндай етістіктердің мағыналық өрісі кең болғандықтан, оларды жүйелеу, тақырыптық топтарға бөлу, мәтіндегі қызметін көрсету – танымдық лингвистиканың маңызды міндеттерінің бірі.

Осы мәселені нақты дерекпен талдауға келгенде Абайдың қара сөздері қолайлы тілдік материал бола алады. Қара сөздер – автордың адам болмысына, мінезіне, қоғам тіршілігіне қатысты ой-толғамын жинақтаған, оқырманды өзін-өзі тануға және өз ісін таразылауға жетелейтін философиялық-публицистикалық мәтіндер. Мұнда таным әрекеті тікелей сөз етіледі: «ойланып қара», «пайымдап үйрен», «өзіңнен өзің есеп ал» сияқты тұжырымдар арқылы Абай оқырманды сыртқы бақылаудан ішкі бақылауға, жай білу деңгейінен дәлелге негізделген байыпқа, пікірден қорытындыға келуге бағыттайды. Қара сөздерде ойлау әрекеті дара етістікпен ғана емес, күрделі құрамды үлгілермен де беріледі: «ақылға салу», «көңілге бекіту», «ойға алу», «көңілге қону», «көз жеткізу», «кұлақ қою» тәрізді орамдар танымның ұлттық тілдік моделін айқындап, адамның ішкі әлемін *ақыл, ой, көңіл* өзектері арқылы танытады.

Бұл зерттеудің мақсаты – Абай қара сөздеріндегі менталды етістіктердің танымдық сипатын ашу, яғни олардың мәтінде ой әрекетін ұйымдастыруға қалай қызмет ететінін көрсету. Зерттеу барысында қара сөздердегі *ойлау, пайымдау, ұғыну, білу, күмәндану, сену, байқау, еске сақтау* сияқты ішкі психикалық үдерістерді білдіретін етістіктер мен күрделі тіркестер мәтін деңгейінде қарастырылып, олардың қандай когнитивтік бағыт ұсынып тұрғаны айқындалады.

Менталды бірліктердің авторлық тұжырым жасаудағы, оқырманды өз-өзіне есеп беруге жетелеудегі, әрекетті бағамдап, салмақтап көруге үндеудегі қызметіне назар аударылады. Сонымен бірге қара сөздерге тән «ақыл», «ой», «көңіл» тірек ұғымдары арқылы қалыптасатын күрделі менталды құрылымдардың мағыналық жүгі мен прагматикалық әсері талданады. Нәтижесінде Абай мәтініндегі менталды етістіктер жай ғана атауыш деңгейде қалмай, таным мәдениетін қалыптастыратын, ойды тәртіпке келтіретін, ішкі бақылау мен өзін-өзі тануға бағыттайтын тілдік дерек ретінде танылады.

Материал және әдістер

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Абайдың 45 қара сөзі толық қамтылды. Мәтіннен адамның ішкі ой әрекетін білдіретін менталды етістіктер мен менталды мағынасы басым күрделі тіркестер тұтас сөйлемімен бірге жиналды, әр мысалдың тұсына қара сөз нөмірі көрсетілді. Іріктеу барысында алдымен барлық ықтимал менталды бірліктер белгіленіп, кейін олардың нақты контекстегі мағынасы мен қызметі қайта тексерілді. Осы орайда сөздің жалпы мағынасына емес, Абай ойының дәл сол сөйлемдегі қалай құрылып тұрғанына, оқырманға қандай танымдық бағдар ұсынып тұрғанына назар аударылды.

Зерттеудің теориялық іргетасы ретінде Абай тілін зерттеген академик-ғалымдар Рәбиға Сыздық пен Нұргелді Уәли тұжырымдары, етістікке қатысты Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырайым Маманов, Ахмеди Ысқақов, Нұржамал Оралбаева, Балқия Қасым еңбектері және етістік семантикасын сипаттайтын Мейірбек Оразов пайымдары негізге алынды.

Мақалада бастапқы тезис ретінде Абайдың 45 қара сөзіндегі менталды етістіктер ойды атау

үшін ғана емес, мәтіндегі ой жүргізу тәсілін көрсетіп, оқырманды өз-өзін тексеруге жетелейтін бірліктер ретінде жүйелі қолданылғаны алынды. Жұмыс үш кезеңмен атқарылды. Алдымен, қара сөздерден менталды мағына беретін етістіктер толық сөйлемімен бірге іріктелді. Кейін әр сөйлемде етістіктің негізгі мағынасы мен контекст үстейтін реңкі ажыратылды. Осыдан кейін менталды мағынаның берілу жолы тексерілді. Ол дара етістік, көмекші етістік немесе тұрақты тіркес арқылы жасалатыны мәтіндік қолданыстарды өзара салыстыру арқылы айқындалды. Осы тұста «ойлап қара», «ұғып ал», «білмей қал», «көңілге бекіту» сияқты құрылымдардың қалай жасалатыны және сөйлем ішінде қандай қызмет атқаратыны нақты талданды. Соңғы қадамда бұл бірліктердің мәтіндегі қызметі түсіндірілді. Олар ойды дәлелдеуге, себеп-салдарды таразылауға, өзін-өзі есепке шақыруға қалай ықпал ететіні сөйлем деңгейіндегі қолданыс арқылы көрсетілді.

Жұмыста менталды етістіктердің мәні мәтін ішіндегі қолданысқа сүйеніп ашылды: сөйлем деңгейінде контекстік талдау жасалып, етістіктің семантикалық өзегі мен қосымша реңктері айқындалды. Сонымен қатар менталды мағынаның берілу жолы құрылымдық тұрғыдан сипатталды: ол дара етістік арқылы ма, әлде тіркес, көмекші етістік, тұрақты орам арқылы жүзеге асатыны, сондай-ақ мұндай бірліктердің мәтіндегі ойды ұйымдастыру, оқырманды әрекетке (есеп алу, өзін таразылау, ойға бекіту) жетелеу қызметі функционалдық-қатысымдық қырынан түсіндірілді.

Әдебиетке шолу

Абай шығармаларының тілін алғаш талдаған ғалымның бірі – академик Р. Сыздық. Ғалым Абайдың қара сөздерінің жазылу сипатына назар аудара отырып, бұл мұраның «өзі үшін ғана» емес, оқырман қауымға арналу уәжін мәтіннің ішкі мазмұны арқылы дәлелдейді. Ғалымның пайымдауынша, қара сөздердің бірқатары жалпы көпшілікке емес, белгілі бір ортаға бағытталған: кей сөздерде «иман» ұғымын дұрыс ұғынбай, теріс түсіндіретіндермен пікір таластыру, діни танымға қатысты күмәнді түсініктерді түзету ниеті байқалады. Яғни Абай кей тұстарда нақты әлеуметтік топқа қарата ой айтады, сол арқылы оқырманды ұғымды орнықтыруға, сенімді дәлелдеуге, қисынды пайымға шақырады (Сыздық, 2004: 128).

Р. Сыздықтың ой түйіні бойынша, мұндай бағыттылықты тек мазмұн емес, тілдік өрнек те қуаттайды. Абай қара сөздерінің көпшілігінде жалпыхалықтық тіл өрнегін берік ұстанса, кейбір сөздерінде діни ілім мен пәлсапаға қатысты кірме атауларды жиірек жұмсайды, тіпті тұтас тіркес деңгейіндегі дайын үлгілерді араластырады. Ғалым мұны адресат табиғатымен байланыстырады: «Діни ілім, таным, мінез туралы күрделі пайымдар айтылған тұстарда сол ортаға тән атаулар мен құрылымдардың көбірек қолданылуы заңды. Осы белгілердің бәрі қара сөздердің оқилуға, түсінуге, ойлануға бағытталған мәтін екенін, әрі оқырманның ішінде белгілі бір топқа арнайы қарата жазылған бөліктер барын аңғартады» (Сыздық, 2014: 151).

Абай қара сөздеріндегі этикалық ұғымдар мәтіннің танымдық өзегін құрап, оқырманды «не дұрыс, не теріс, не екіұдай» деген бағалау өлшеміне жетелейді. Ғалым Н. Уәли ұсынған жіктеу бойынша мұндағы аксиологизмдер үш арнада көрінеді: біріншісі – адамгершілік, әділет, рақым, ұят, ғылым-білім тәрізді ізгі мұраттарды танытатын этикалық құндылықтарға қатысты атаулар; екіншісі – арамдық, жалқаулық, арсыздық, қастық, алдау сияқты мінез бен қылықтың «теріс бағасын» бекітетін антиқұндылықтарға қатысты атаулар; үшіншісі – бірлік, тірлік, қулық, қайғы сияқты контекске қарай әрқилы бағаланатын амбивалентті атаулар. Осы үш топтың бәрі қара сөздердегі менталды етістіктермен тікелей байланысып, Абайдың моральдық ой-тұжырымының қозғаушы тетігіне айналады. Адам құндылықты жай атап қана қоймай, оны ақылға салып таразылауға, себеп-салдарын аңғарып дәлелдеуге, өз мінезін есепке алып түзетуге міндеттеледі. Яғни этикалық атаулар бағалау нысанын көрсетсе, менталды етістіктер сол бағалауға апаратын таным жолын ұйымдастырып, оқырман санасында «жақсыны таңдауға, жаманнан сақтануға» бағытталған ішкі ұстаным қалыптастырады (Уәли, 2025: 372).

А. Байтұрсынұлының тіл туралы ойлары менталдылықты *«тіл, ақыл, қиял, көңіл»* тұтастығында түсіндіруге мүмкіндік береді. Ғалымның «саңлап, санамызға алу» сияқты тіркестері адамның танымдық әрекетінің ішкі барысын дәл көрсетеді: әуелі адам сыртқы құбылысты аңдап-бақылайды да, деректі қабылдайды; кейін сол деректі санасына сіңіріп, ұғынады; ең соңында көңіл күйі мен құндылық өлшемі араласып, алған білімін «дұрыс-теріс»

тұрғысынан бағалайды. Яғни таным – жай көру не есту ғана емес, ұғыну мен бағалауды қатар қамтитын күрделі үдеріс. А.Байтұрсынұлы тілдің міндетін ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін дәл жеткізу деп қарастыра отырып, етістік мәнді тірек сөздердің (аңдау, түйю, меңзеу т.б.) адамның ойлау динамикасын жеткізудегі рөлін айқындайды. Сонымен бірге ол тілдің ұлтты сақтайтын негізгі белгі екенін баса айтып, тілдік сана мен ұлттық дүниетанымның ажырамайтынын көрсетеді (Байтұрсынұлы, 2022: 106).

Менталды етістіктердің семантикалық дамуын қарастырған зерттеуде менталды предикаттар ойлау әрекеті мен пікір білдіруді танытатын етістіктер ретінде түсіндіріледі. Мұндай бірліктердің көне дәуірдегі мағыналық өрісі кең болып, тілдің тарихи эволюциясында бір бөлігі қолданыстан шығып, енді бірқатары жаңа реңктермен толыққаны көрсетіледі. Мәселен, «мыслить» бастапқыда ойлаудың өзі мен ойлау қабілетін білдірсе, кейін оған «есептеу, болжау», «елестету» тәрізді қосымша мәндер қабаттасқан. «Думать» етістігі де тек белгілі бір нысан туралы ойланумен шектелмей, «пікір айту/санау», «ниеттену», «алаңдау, қам жеу» сияқты прагматикалық және эмоциялық реңкі бар мағыналарды қамтитын көпқабатты бірлікке айналғаны атап өтіледі. Ал «гадать» етістігінің «бал ашу, сәуегейлік ету» мәнімен қатар «жорамалдау, болжау» мағынасын беруі менталды әрекеттің рационалды және иррационалды қырлары бір етістіктің бойында тоғыса алатынын аңғартады. Осы байламдар негізінде «думать» қазіргі тілдік жүйеде орталық, әрі семантикалық тұрғыдан ең күрделі менталды етістіктердің бірі ретінде орныққаны тұжырымдалады (Макеева, 1993: 40-45).

Ғалым Н. Арутюнова менталды етістіктерді логика мен сөйлем мағынасы тұрғысынан түсіндіреді. Зерттеуші оқиғалық мағына мен мазмұндық-пропозициялық мағынаны ажырата отырып, менталды етістіктердің тек «ойлау/білу» тәрізді ішкі күйді атаумен шектелмейтінін көрсетеді. Олар пропозицияны «алып жүруші» ғана емес, сонымен қатар объектіні белгілі бір топқа жатқызу, сәйкестендіру, түсіндіру, ұғындыру сияқты ақыл-ой әрекеттерін тілдік деңгейде белгілейтін көрсеткіштер ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан менталды етістік сөйлемде мазмұнды ұйымдастырып, ақпараттың қалай танылғанын, қалай түсіндірілгенін білдіретін маңызды тетікке айналады (Арутюнова, 1999: 415).

Зерттеуші Л. Васильев орыс тіліндегі етістіктерді кең мағыналық жіктеу арқылы қарастырып, олардың ішінен менталды өріске жақын қабатты айқын бөліп көрсетеді. Ғалым ұсынған төрт топтың ішінде «интеллектуалдық қызмет етістіктері» адамның ойлау, ұғыну, пайымдау сияқты танымдық әрекеттерін тікелей білдіретін ядро ретінде танылады; ал «сезім етістіктері» (қабылдау), «сөйлеу етістіктері» (мәнді тіл арқылы шығару), «мінез-құлық етістіктері» (іс-әрекет) топтары таныммен шектесіп, менталдылықтың әр қырын жанама түрде толықтырып отырады. Мұндай жіктеу менталды етістіктердің өзге семантикалық өрістермен байланысын нақтылауға мүмкіндік береді (Васильев, 1985: 17).

Б. Ильиш ағылшын тіліндегі етістіктерді тарихи-типологиялық сипатта топтастырып, менталдылыққа қатысты қабаттың бірнеше деңгейден тұратынын көрсетеді. Біріншіден, физикалық түйсіну етістіктері (көру, есту, сезу т.б.) – ақпараттың бастапқы қабылдану арнасы; екіншіден, ақыл-ой күйін білдіретін етістіктер (білу, сену, аңғару, ойлау, түсіну, еске алу, ұмыту т.б.) – қабылданған деректің санада өңделуі мен нәтижесін танытатын негізгі когнитивтік өзек; үшіншіден, эмоция мен тілек етістіктері (ұнату, үміттену, тілеу, қалау т.б.) – танымның бағалау-қалау қырын ашады; төртіншіден, иелену/қатыстық мәнді етістіктер (болу, тиесілі болу, бар болу, қамту т.б.) – субъект пен әлем арасындағы қатынасты бекітетін семантикалық өріс ретінде беріледі. Бұл жүйелеу менталды етістіктердің тек «интеллект» деңгейімен шектелмей, *қабылдау, ұғыну, бағалау, қатыстық байланыс* тізбегімен тұтасып жатқанын аңғартады (Ильиш, 1968: 196).

Классикалық еңбектерде имплицитив етістіктердің сөйлемдегі ақиқаттылыққа (істің болған-болмағанына) қалай ықпал ететіні сипатталса, кейінгі эмпирикалық зерттеулер бұл құбылысты нақты дерекпен өлшеуге болатынын көрсетеді. Мысалы, ағылшын тіліндегі бірнеше ондаған етістіктің синтаксистік таралуы олардың мағыналық жақындығымен сандық көрсеткіштер арқылы сәйкестендіріліп, «қалай құрылым таңдайды – солай мағына айқындайды» деген байланыс дәлелденеді (Karttunen, 1971: 344). Осы тұрғыдан алғанда, ағылшын тіліндегі

менталды етістіктердің мәні олармен тіркесетін толықтауыштық құрылымдармен, сондай-ақ ақиқаттылық реңкі мен прагматикалық мақсатпен қатар қарастырылғанда анығырақ ашылады (White, 2018: 427).

Тіл игеру мен таным мәселесіне келгенде, ағылшын тіліндегі деректер балалардың менталды етістіктерді сөйлем үлгілеріне сүйеніп меңгеретінін аңғартады: толықтауыштық бағыныңқы құрылымдар баланың *think/know/want* сияқты етістіктердің мағынасын ажыратуына «тірек» болады (Nasquard, 2022: 198). Бұған қоса, перцептив мәнді құрылымдар мен менталды мәнді құрылымдардың ортақ семантикалық-синтаксистік негізі үйрену үдерісінде аралық көпір қызметін атқаратыны тәжірибелік түрде көрсетілген (Davis, 2021:18).

М. Оразов етістік мағынасын жүйелі түрде саралап, қазақ тіліндегі етістіктердің лексика-мағыналық жіктелуін ұсынғанда, ойлауға қатысты етістіктердің дербес қабат екенін арнайы көрсетеді. Ғалым бұл топтың саны көп емес екенін ескерте отырып, оның ішкі өрісінде ой әрекетінің әр қадамы айқындалатынын байқатады. Мұндай жіктеу менталды етістіктердің табиғатын тек «ойлау» атауымен шектемей, адамның санасында жүретін танымдық амалдардың сатылануын тілдік тұрғыдан тануға жол ашады. Сондықтан М. Оразов ұсынған жүйе Абай қара сөздеріндегі *ойлау, пайымдау, қорыту, сену, күмәндану, еске алу* тәрізді бірліктердің өзара жақындығын да, айырмасын да нақтылауға көмек бола алады (Оразов, 1991: 87).

Ғалым етістіктің қимыл-қозғалыс пен қалыпты білдіретін табиғатына сүйеніп, оның семантикалық құрамында орын, уақыт, нысанға қатысты ортақ мағыналық белгілер (семалар) болатынын көрсетеді. Осы ортақ семалар арқылы қазақ етістіктерін лексика-семантикалық топтарға жіктеудің принциптерін негіздеп, топтастыруда сөздің лексикалық мағынасы мен парадигмалық байланысын басты өлшем ретінде алады. Ғалым қазақ тіліндегі етістіктерді он екі лексика-семантикалық топқа бөліп, әр топтың мазмұндық ерекшелігін қысқаша сипаттайды (Оразов, 2001: 49).

А. Ысқақов етістіктерді мағына жағынан жақындығына әрі қызметтес болуына қарай топтастыруға болатынын айта келіп, ойлау-сөйлеу етістіктерін жеке топ ретінде көрсетеді. Бұл ұстаным менталды етістіктердің тек лексикалық мазмұн емес, мәтіндегі қызмет арқылы да айқындалатынын аңғартады (Ысқақов, 1991: 91).

Ғалым Ы. Маманов етістіктің құрама құрылымдарын, көмекші етістіктер арқылы жасалатын үлгілерді мағыналық қырынан талдай отырып, ішкі таным қимылының жүру сипатын тілде қалай берілетінін кеңінен ашады. Мәселен, ойдың кенет тууы, еске түсудің аяқ астынан болуы, ойдың үзіліп қалуы сияқты реңктер дара етістіктің өзімен ғана емес, етістік тіркесі арқылы да нақтыланатынын көрсетеді (Маманов, 2014: 141).

Нәтижелер және талқылау

Жиналған тілдік материалдарды (45 қара сөз мәтіні) мазмұндық-қызметтік қырынан іріктей отырып, Абай қолданысындағы менталды етістіктер белгілі бір лексика-семантикалық өрістерге шоғырланатыны байқалды.

Бұл топтастыру етістіктің «жай атау» ретіндегі мағынасынан гөрі, оның мәтінде атқаратын танымдық қызметіне сүйеніп жасалды. Соның нәтижесінде қара сөздердегі менталды етістіктер бір-бірінен окшау тұрған бірліктер емес, керісінше, оқырман санасын белгілі бір арнаға түсіретін жүйе ретінде көрінеді.

Кесте 1 – Абай қара сөздеріндегі менталды етістіктердің лексика-семантикалық топтары

Таблица 1 – Лексико-семантические группы ментальных глаголов в «Словах назидания» Абая

Table 1 – Lexico-Semantic Groups of Mental Verbs in Abai's "The Book of Words"

Менталды етістіктердің МАКРО тобы	Менталды етістіктердің МИКРО тобы
Ой қорыту әрекетін білдіретін етістіктер	<i>ойлау/ойлану</i> <i>пайымдау</i> <i>санау/есептеу</i> <i>топшылау/тұжырым</i> <i>ойына келу/ойға алу</i>
Ұғыну мен білімді білдіретін етістіктер	<i>білу</i>

	<i>тану ұғу/ұғыну аңғару/түсіну</i>
Сенім-күмән қатынасын білдіретін етістіктер	<i>сену нану/илану күмән/күдік</i>
Түйсіну-қабылдауды білдіретін етістіктер	<i>көру есту байқау сезу</i>
Назар, қадағалауды білдіретін етістіктер	<i>ескеру аңду</i>
Жадыға қатысты етістіктер	<i>ұмыту ұмытпау естен шығу</i>
Ниет-мақсатты білдіретін етістіктер	<i>қалау/тілеу үміт мақсат/ниет</i>
Эмоциялық-қатынастық етістіктер	<i>жақсы көру/жөк көру өкіну/қайғыру қорқу/ұялу</i>

Абай қара сөздерінде *ойлау*, *пайымдау*, *тұжырымдау* сияқты менталды етістіктер тек «адам ойлайды» деген жалаң хабар емес, оқырманды ой еңбегіне жұмылдыратын танымдық әрекет ретінде көрінеді. 3-қара сөздегі «ойланып қара» тіркесі соның айқын дәлелі. Автор төбелес үстіндегі қызбалықты тоқтатып, санаға келуді талап етеді де, ойлауды өзін-өзі тәрбиелеудің шартына айналдырады. Мұнда ойлау әрекеті сыртқы жағдайды бағалау емес, адамның өз ішіне үңіліп, өзіне есеп беруіне бастайтын ішкі тәртіп. Сол себепті «өзіңнен өзің есеп ал» деген талап ойлаудың жалғасы ретінде беріледі: ойлану – өзіңді бақылауға алып, мінезді түзетуге бағытталған сана жұмысы. 15-қара сөзде «әрбір ойлаған ойыңа бекі» деуі де ойды өткінші әсер деңгейінде қалдырмай, тұрақты ұстанымға айналдыруды көздейді. Бұл жерде ойлау танымның ғана емес, мінездің де тірегі ретінде қойылады: ойың берік болмаса, ісің де берік болмайды, демек, адамшылыққа лайықты болу үшін ойды «бекіту» керек.

31-қара сөзде ойлау тіпті нақты танымдық тәртіп ретінде сипатталады: тыңдағанды ұмытпау үшін адам ішінен қайта-қайта ойлап, көңілге бекітуі керек. Яғни ойлау бір сәттік пайым емес, ақпаратты санада өңдеп, орнықтыратын ұзақ үдеріс. Мұнда «ой кеселді нәрселерден қашық болу» деген ескертудің өзі ойлаудың мәдениетін танытады: сананы әлсірететін салғырттық, орынсыз әурешілік адамды ұғынудан алыстатады. Осы тұста *пайымдау* етістігі де (15, 34, 37-қара сөздер) жай «ойлау» емес, себеп-салдарды дәл табуға, дәлелге сүйенуге үйрететін ақылдың өлшемі болып шығады. 34-қара сөздегі «себебін тауып, пайымдап үйрену керек» деген жолдарда Абай танымды әдетке айналдыруды ұсынады. Әр нәрсені үстірт қабылдамай, себебін іздеп, лайық дәлелге тоқтауды алға тартады. 37-қара сөзде «бір сөзді ұғып, соған қарап пайымдаған» деуі – адамның ақылды аталуы ақылдың көп сөзді қайталаудан емес, мәнді ажыратып, соның негізінде дұрыс қорытынды жасау қабілетінен көрінетінін аңғартады.

Қорыту, *тұжырым*, *топшылау* сияқты етістіктер Абайда ойдың соңғы нәтижесін көрсететін құрал ретінде беріледі. 7-қара сөздегі «қысқа сөзден ұзын қорытып, бір тұжырым шығара алмайды» дегені танымдағы әлсіздікті дәл сипаттайды. Яғни, деректен қорытынды жасай алмау – ойдың шашыраңқылығын аңғартады. 19-қара сөздегі «іштен топшылап жүре беру – бекер» деуі ойдың әрекетке, дәлелді сөзге айналуын талап етеді. 40-қара сөздегі «әр істің парқын біліп, сонын қорытып отыру» ақылдың негізгі қызметі деп танылуы да осыдан: таным тек түсінумен шектелмей, істің ақыры мен салдарын бағалап, жауапты шешімге жеткізуі керек. Ал «ойына келу», «ойға алу» үлгілері (11, 27, 36-қара сөздер) ойдың адамды жетелейтін күш екенін көрсетеді. Демек, Абайда ойлау, пайымдау, тұжырымдау мәнді етістіктер ойды оятып,

дәлелдеуге үйретіп, қорытындыға келтіре отырып, сол қорытындыны адамшылық өлшемімен бекітетін танымдық тәртіпті қалыптастырады.

Абай қара сөздерінде *білу* етістігі көбіне дайын «ақпаратты иемдену» мағынасымен шектелмей, адамның дұрыс бағдарын айқындайтын танымдық өлшем ретінде жұмсалады. 6-қара сөздегі «Бірлік – ақылға бірлік...» деген сөйлемде етістік ашық көрінбегенімен, тұжырымның өзегі «нағыз бірліктің не екенін білу» деген танымдық талапқа сүйенеді. Ақын ұғымның шекарасын нақтылап, оқырманды «ақылға бірлік» деген мәнді танып қабылдауға шақырады. 7-қара сөзде баланың табиғи «ішсем-жесем» мінезі сипатталғанда да мақсат тек мінезді атау емес, адам бойындағы басты қасиетті танып-білуге жетелеу. Ал 38-қара сөздегі «өз бойындағыны білмек керек» формасы міндеттеу реңкін күшейтеді. Бұл жерде *білу* сыртқы дүниені танып қою емес, өзін-өзі басқаруға бастайтын ішкі таным. Мәнмәтін «қожа болу» ұғымымен астарласып, *білу* етістігінің семантикалық өзегіне «өз мүмкіндігін, кем-кетігін аңғарып, соған қарай өзін ұстау» деген қосымша реңк үстеледі. Яғни дара етістік арқылы автор танымды әрекетке айналдырады.

Тану, ұғу/ұғыну, аңғару/түсіну етістіктері Абайда танымның әр басқышын ажыратып береді. *Тану* – өзін және құндылықты айқындау, *ұғу* – мәнді бойға сіңіру, *аңғару/түсіну* – шын мен жалғанды айырып, дұрыс жолға түсу. 25-қара сөздегі «Өзіңді-өзің *танып*, түзелмей...» және 45-қара сөздегі «...*танымақ* – ең үлкен іс» сөйлемдерінде тану жай «білу» емес, адамның өзіне қоятын жауапкершілігі ретінде беріледі. 7 және 31-қара сөздердегі «ынтамен *ұғу* керек» тіркесінде *ұғу* етістігі міндеттеу реңкімен беріледі де, «ынтамен» сөзі ұғынудың қалай жүзеге асатынын нақтылап, танымның жай кездейсоқ қабылдау емес, ықыласқа сүйенген саналы үдеріс екенін аңғартады. 38-қара сөздегі «ақылдың шартын *ұғыну* керек» те дәл осы мазмұнда беріледі. 14-қара сөздегі «шынның жолын *аңғармай* қалма» құрылымы ескерту мәнін күшейтіп, аңғаруды моральдық таңдау деңгейіне көтеріп, көптің жетегіне еру – аңғармаудың салдары екенін танытады. 15-қара сөздегі «ішкі дүниенді *түсінсең*, түзелуге жол табылады» шартты рай формасы арқылы түсінудің нәтижесін көрсетеді. 32-қара сөздегі «парқын *түсінбеген* кісі...» деген бағалау арқылы Абай *түсінуді* тіл мәдениетімен байланыстырып, «мәнді түсінбеу – сөзді қор ету» деп түйіндейді. Осылайша мәтін ішіндегі қолданыстар арқылы етістіктердің семантикалық өзегі ғана емес, қосымша реңктері де айқындалады.

Абай қара сөздерінде *сену* етістігі илану емес, танымды дұрыс арнаға бұратын тірек ретінде көрінеді. 12-қара сөздегі «Жұрттың сөзіне желікпей, *ақылға сен*» деген сөйлемде сенудің нысаны нақты көрсетілген. Мұнда «сен» бұйрық райда келіп, жай кеңес емес, мінез-құлыққа айналуы тиіс қағида ретінде айтылады. 38-қара сөздегі «Ғылымға *сенген* кісі – өзі де ізденеді...» құрылымында *сену* себеп-мотив қызметін атқарады. Ал 7-қара сөздегі «...білсем екен, көрсем екен» деген тіркесі *сену* сөзін тікелей атамаса да, сенімнің бастауы баланың табиғи құмарлығымен байланысатынын аңғартады. Адамдағы ілгерілеуге жетелейтін ішкі ұмтылыс кейін «ақылға», «ғылымға» *сену* сияқты саналы бағдарға ұласады.

Нану/илану етістіктері Абайда көбіне сақтық пен сын тұрғысынан бағаланады, сондықтан олар сенудің «қатерлі» жақтарын ашатын құралға айналады. 13-қара сөздегі «Біреудің сөзіне құр *нанғаниша*, өз ақылыңмен *байқа*» дегенде «құр» сөзі нанудың үстірт, дәлелсіз сипатын күшейтеді де, оған қарсы танымдық әрекет ретінде «байқа» ұсынылады. Мұнда *нану* мен *байқау* қатар келіп, оқырманды тексеруге міндеттейді. 27-қара сөздегі «әдетке *иланып*, ақиқатты іздемейді» сөйлемінде *илану* адамның ізденісін тоқтататын психологиялық дағды ретінде суреттеледі. Ал 43-қара сөздегі «Діннің шартына *иланған* адам – мінезін түземекке керек» дегенде *илану* мазмұны өзгеріп, жауапкершілікпен байланысады. Осы өрісте *күмән/күдік* етістіктері де ерекше қызмет атқарады. 19-қара сөздегі «өзіңе *күмән келтіріп*, салмақ сал» тіркесінде күмән өзін-өзі тексерудің амалына айналған, ал 34-қара сөздегі «*күдікпен тексер*» – асығыс кесімнен сақтайтын танымдық тәртіп болса, 38-қара сөздегі «Ақылдың дұшпаны – *орынсыз күмән*» деген түйін күмәннің де өлшемі барын көрсетеді.

Абай қара сөздерінде *көру, есту, байқау, сезу* сияқты түйсіну-қабылдау етістіктері жай физиологиялық әрекеттің атауы болып қалмай, менталды үдерістің алғашқы кезеңі ретінде қызмет етеді. 7-қара сөздегі «көрсем екен» деген талап адамның танымға табиғи құштарлығын

білдірсе, 14-қара сөздегі «Көзбен көрген нәрсеңнің бәрі ақиқат бола бермейді» сөйлемі қабылдаудың өзі ақиқатқа кепіл емес екенін ескертіп, көргенді ой елегінен өткізуге мәжбүрлейді. 31-қара сөздегі «естігенде я көргенде ғибратлану керек» тіркесінде *есту* мен *көру* тек қабылдау әрекеті болып қалмай, олардың нәтижесі *ғибратлану* арқылы санада өңделіп, мағыналанатын менталды деңгейге көтеріледі. Сондықтан Абай үшін қабылданған дерек өз күйінде тұрмай, ішкі сүзгіден өтіп, мәнге айналуы қажет.

Естуге қатысты 32-қара сөздегі «Көпті естіп, азды ұғып...» тіркесінде *есту* мен *ұғу* қатар жұмсалып, ақпараттың көптігі емес, соның ішкі өзегін түсініп, пайдаға жарата алу маңызды екенін нақты көрсетеді. 37-қара сөздегі «көп сөзді естіп, бір мәнін ұққан» дегенде естудің нәтижелілігі «мәнін ұғумен» өлшенеді. *Байқау* етістігі Абайда танымның сыншыл қадамы ретінде көрінеді: 13-қара сөзде ол «кұр нануға» қарсы қойылып, ақылға сүйенген тексерістің шартына айналады. 34-қара сөздегі «сөзінен емес, ісінен байқа» қағидасы бағалаудың өлшемін сыртқы сөзден нақты әрекетке көшіреді. Ал 40-қара сөздегі «ішкі халінді байқап отыру» байқауды өз-өзіне бағыттап, өзін танудың тұрақты дағдысын ұсынады. Ал *сезу* етістігі Абайда қабылдаудың ішкі, интуитив қырын танытады. 15-қара сөздегі «жамандықты алдын ала сезу» ар-ұятпен сабақтасып, адамды қауіптен ерте сақтандыратын ішкі түйсік ретінде көрінеді. 19-қара сөзде «ауырлығын сезу» жүрекке түскен салмақтың санаға әсерін нақтылап, күйзелістің өлшемін көрсетеді. Ал 38-қара сөздегі «ақиқаттың дәмін сезу» ақиқатты тек ұғым деңгейінде емес, адам бойында өткерілген рухани тәжірибе ретінде қабылдататын бейнелі қолданысқа айналады. Осылайша түйсіну-қабылдау етістіктері Абайда «көру/есту» деңгейінен басталып, «байқау/сезу» арқылы өңделіп, оқырманды мәнге жетелейтін толыққанды менталды әрекет жүйесін құрайды.

Абай қара сөздерінде *ескеру* мен *аңду* етістіктері зейіннің екі түрлі бағытын көрсетеді: бірі – адамды түзейтін, екіншісі – адамды бұзатын назар. *Ескер* деген сөз 10-қара сөзде біреуге ақыл айту үшін емес, өзінді тәртіпке салу үшін айтылады: «өз пайдаңнан бұрын ел пайдасын ескер» дегенде зейіннің өлшемі кеңейеді, адам өзінен шығып, қоғамға жауапкершілікпен қарауға үйренеді. 25-қара сөздегі «біреудің айыбын көрсең, өз айыбыңды да ескер» деген сөйлемде ескерудің ең басты сипаты байқалады: көз сыртқа түскен сәтте, ақыл қайтадан ішке бұрылуы керек. Яғни бұл етістік өзгені мінейтін әдетті тежеп, өзін-өзі бақылауға жетелейді. Ал 2-қара сөздегі «қарның ашса, ескермейсің» дегені күнкөріс күйбеңі адам назарын тарылтып жіберетінін аңғартады. *Аңду* етістігі керісінше, зейіннің бұрыс арнаға түскен түрін береді. 33-қара сөзде «біреудің мінін аңдып жүріп, өзінді ұмытпа» деуі – біреуге телміріп өмір сүру адамды өзінен алыстататынын айтқаны. 34-қара сөзде «жамандықты аңдыған кісі өзі де жамандыққа жақын болады» деп, назардың өзі мінезге айналатынын көрсетеді. 41-қара сөздегі «сыртынан сөз іздеп аңду – ақылдың ісі емес» деген түйін *аңду* әрекетін мүлде терістейді. Мұнда зейін «ақылға қызмет етуі» керек деген өлшем бар. Сөйтіп, Абайда *ескерудің* танымдық мәні – пайдалыны айыру, дұрыс бағытты таңдау, өзінді түзету екені айқын танылады. Ал *аңду* – назарды теріс нәрсеге байлап, адамды ішкі кемелденуден тайдыратын әдет ретінде көрінеді.

Абайдың қара сөздеріндегі *жад*, *ес* өрісін тек «ұмыту» етістігімен шектеуге болмайды, өйткені мәтіннің өзінде *ойды сақтау*, *естен шығару*, *есте бекіту* сияқты бірнеше әрекет бір-бірімен сабақтасып, адам мінезін түзеуге және ой тәртібін қалыптастыруға қызмет етеді. 31-қара сөзде «естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар» деп, жадының беріктігі кездейсоқ емес, адамның ішкі жинақылығына, ықыласына, үйренген дағдысына байланысты екені айтылады. Сол сөздің ішінде салғырттық пен ойын-күлкінің ұмыттыруға итермелейтіні де көрсетіліп, ұмытудың түбі тәрбие мен дағдыға келіп тірелетіні аңғарылады. Осы ой 37-қара сөздегі «Білгенін іс қылмай, құр сөз қылып жүрген кісі көп нәрсені тез ұмытады» деген сөйлеммен нақтылай түседі, өйткені Абай үшін білімнің есте тұрақтауы әрекетпен бекімесе, ол тез сөніп қалады. Ал *ұмытпау* жағы 31-қара сөзде «ішінен бірнеше уақыт ойлап, көңілге бекіту керек» деген тіркес арқылы беріледі де, есте сақтау «жаттау» емес, қайта-қайта ой елегінен өткізіп, көңілге орнықтыру, яғни ерікті түрде бекіту ретінде түсіндіріледі. Бұған қоса, 33-қара сөздегі «тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп» сияқты қолданыстар жадтың босансуын өмірлік жауапкершіліктен ажырамастай етіп көрсетеді, себебі адам әурешілікке берілгенде, ең қажетті міндеттердің өзі естен шығып, ақылдың тәртібі бұзылады. Осылайша, Абай мәтінінде

жадқа қатысты етістіктер *ұмытудың* себебін ашып қана қоймай, *есте бекітудің* жолын ұсынады әрі *естен шығудың* адамды қалай босаңсытатынын өмірлік жағдаймен байланыстырып дәлелдейді.

Абай қара сөздеріндегі *қалау*, *тілеу*, *үміт*, *ниет*, *мақсат* мәнді етістіктер адамның ішкі әлемін қозғап, ойды белгілі бір бағытқа бұратын менталды әрекеттің өзегі болып көрінеді. 7-қара сөздегі «білсем екен, көрсем екен» тіркестері жай қызығушылықты ғана білдірмейді, ол адамның танымға ұмтылуын бастап беретін алғашқы менталды әрекет ретінде танылады. Мұнда «талап» ұғымы сол менталды етістіктердің мағынасын күшейтіп, ниеттің қай арнаға түскенін айқындап тұрады, өйткені талап дұрыс бағыт алмаса, ой да, іс те босқа шашырайды.

13-қара сөзде «түзелмекке тілесе, жол табылады» деген тұжырым *тілеу* етістігінің қызметін тереңдетеді. *Тілеу* бұл жерде сырттай қалау емес, адамның өзіне қарата жасаған ішкі шешімі, өзін-өзі түзетуге бет бұрғызатын менталды әрекет ретінде беріледі. 38-қара сөздегі «ғылымды қалап, еңбек етпеген» деген үлгі *қалау* етістігінің шекарасын анық көрсетеді. Қалау бар жерде танымдық ниет бар, бірақ ол еңбекпен бекімесе, менталды әрекет толық іске аспай, бос мақтанға айналатынын Абай ашық аңғартады. Сондықтан Абай мәтінінде қалау мен тілеу мәнді менталды етістіктер ойдың оянуын ғана емес, сол ойды мақсат пен жауапкершілікке ұластыратын ішкі тәртіпті де білдіреді.

Үміт пен мақсат, *ниет* мәнді менталды етістіктер Абайда ішкі бетбұрысты бекітіп, ойды нақты арнаға түсіреді. 19-қара сөздегі «қайратсыздық – үмітсіздікке апарады» деген тұжырым үміттің жай жұбату емес, қайратпен, әрекет қуатымен сабақтас екенін танытады. 25-қара сөзде «жақсылықтан үміт үзбе, бірақ еңбексіз үміт – алдамшы» деуі *үміт* менталды етістігінің екі қырын қатар көрсетеді, бір жағынан ол адамды тіреп тұратын рухани тірек болса, екінші жағынан әрекетке ұласпаса, өзін-өзі алдауға айналатын бос сенім болып қалады.

15-қара сөздегі «адамшылыққа ниет етсең» және 38, 45-қара сөздердегі «мақсат қылсаң», «мақсат қыл» үлгілері мақсат пен ниетті тек таңдаудың аты емес, тәртіп пен табандылыққа байланған менталды әрекет ретінде береді. Мақсат ойды жинақтап, бағыттайды, ал ниет сол бағыттан таймай ұстауға ішкі қуат береді. «Өзіңді тануды мақсат қыл» дегені де құр кеңес деңгейінде қалмайды, танымды өмірлік бағдарға айналдыруды талап етеді, өйткені адам өзін танып, мінезін түзетуге бет алғанда ғана «толық адам» болуға жақындайды. Осы тұрғыдан *қалау*, *үміт*, *мақсат* мәнді менталды етістіктер Абай мәтінінде ойды ұйымдастырып, оқырманды өзін-өзі тәрбиелеуге және ойды іске жалғауға жетелейтін негізгі қозғаушы күш болып көрінеді (Құрманбайұлы, 2020: 79).

Абай қара сөздеріндегі *эмоциялық-қатынастық етістіктер* танымның бағалау қырын айқын көрсетеді. Адам бір нәрсені танып-білуімен ғана емес, сол нысанға ішкі қатынасын қалай орнықтыратынымен де тұлғаланады. 19-қара сөздегі «орынсыз жек көрсең, өзіңнің де жүрегің қарайады» сөйлемінде жек көру жай көңіл күй емес, моральдық салдары бар әрекет ретінде беріледі. Мұнда етістік адамның ішкі дүниесіне кері әсер ететін үдеріске айналып, «жүрек» арқылы рухани күйдің бұзылуын аңғартады. 25-қара сөздегі «адамшылықты жақсы көр» және 38-қара сөздегі «ғылымды жақсы көрмеген» үлгілерінде *жақсы көру* таңдау мен бағыт мәнін үстейді. Дұрыс бағалау адамның ісін түзейтін жолға бастайды, ал бағалаудың жоқтығы «ақылға қиянат» деп түйіледі (Қасым, 2024: 33).

Өкіну мен қайғыру да осы бағалау желісін жалғайды. 15-қара сөзде «қателігіңді көріп, өкіну» түзелудің белгісі деп танылып, өкіну өзін-өзі танудың, қателікті мойындаудың нәтижесі ретінде көрінеді. 19-қара сөзде *өкіну* кейінгі жауапкершілікке ұласады, ал 38-қара сөзде *қайғыру* тоқтап қалуға емес, қайратқа шақыратын серпін ретінде көрінеді. Қорқу мен ұялу қатарында эмоция тәрбиелік қызмет атқарады. 14-қара сөздегі «ұяты бар адам жамандықтан қорқады» дегенде қорқу әлсіздік емес, өзін тежейтін ішкі күзет ретінде ұғынылады. 19-қара сөздегі «ардан ұял» тіркесі ұялу сезімін сыртқы жұрттан емес, ішкі өлшемнен бастауға бұрады. 43-қара сөзде жамандыққа «қорықпай ұмтылу» иманға қарсы қылық ретінде бағаланады. Осылайша эмоциялық етістіктер ойды сезім арқылы сүзгіден өткізіп, оқырманды дұрыс пен терісті ішкі жауапкершілікпен айыруға жетелейді.

Күрделі құрамды етістіктер қара сөздерде жиі кездеседі және менталды мағынаны дара

етістіктен гөрі тіркес арқылы дәл береді. Мұнда «ақыл, ой, көңіл» тірек сөздері таным нысанын ішке бағыттап, менталды әрекеттің өзегін айқындайды. *Ақылға салу, ақылға қону, ақыл көзімен қарау* сияқты үлгілерде ойлау жай ғана ойлану емес, дәлелге сүйеніп таразылау, ақиқатқа жақындау ретінде танылады. Сол сияқты *ойға алу, ойға түсу, ойланып қалу/ойлап қою* тіркестері ойдың қозғалысын көрсетеді: бірде ой өздігінен келіп, сананы жетелейді, бірде адам өзі қайта қарап, байыптайды. *Көңілге түю, көңілге бекіту, көңіл қою* қолданыстарында білімнің «көңілге орнығуы», назардың бір арнаға түсуі алға шығады, яғни *түсіну* ақпаратты қабылдаумен шектелмей, оны ішкі өлшеммен бекітіп, жауапкершілікке айналдыруға ұласады. Осы тұста күрделі тіркестер *ақыл* мен *көңілдің* қатар жүретінін, танымның тек зерделеу емес, мінезді де тәрбиелейтін әрекет екенін сездіреді.

Қара сөзде менталды әрекеттің жүру тәсілін, кезең-кезеңін білдіретін көмекші етістікті үлгілер байқалады. *Ұғып алу* аяқталған, нәтижелі ұғынуды аңғартса, *білмей қалу* ой үдерісінің үзіліп, ақпараттан ажырауды білдіреді. *Ойлап қарау* мен *тексертіп көру* пайымды жай жорамал деңгейінде қалдырмай, дәлелдеуге ұмтылған әрекет ретінде танытады, ал *айырып алу* талдаудың нәтижесін, ажыратудың соңғы түйінін көрсетеді, *естіп ұғу* қабылдау мен ұғынудың бір арнада тоғысқанын білдіреді. Құранды үлгілерде таным әрекеті қимыл атауы түрінде орнығады: *есеп қылу, гибрат алу/гибратлану, жөнін білу, ниет ету, үміт қылу, қам жеу* тіркестері ойдың тәжірибеге айналып, адам мінезін қалыптастыратын күш екенін танытады. Бұған қарама-қарсы реңкте *сөз аңду* мен *жала жабу* сияқты тіркестер ой-пайымның теріс арнаға бұрылуын әшкерелейді. Тұрақты орамдар да осы жүйені толықтырады: *көз жеткізу, көзі жету* дәлелге келіп тоқтауды, *құлақ қою* назарды шоғырландыруды, *көңілге қону* ішкі келісім мен қабылдауды, *ақылдан шығару* жаңылысу не ұмыт қалуды, *ойын байлай алмау* ойды жинақтай алмауды, *сөзге тоқтау* шешімге келіп тиянақтауды білдіреді (Мамадиярова, 2025: 30). Сөйтіп, Абайдың күрделі құрамды менталды бірліктері қара сөздің басты міндетіне қызмет етеді: оқырманды ойлауға ғана емес, ойды тексеріп, бекітіп, өмірлік ұстанымға айналдыруға баулиды.

Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелерді былайша топтастыруға болады. Біріншіден, Абайдың 45 қара сөзіндегі менталды етістіктер жай ғана «ойлау әрекетін атау» үшін емес, мәтіндегі таным үдерісін құрайтын негізгі құрал ретінде жұмсалады. Етістіктер сөйлем ішінде көбіне адресатқа тікелей бағдар беретін қимыл мәнінде келіп, пассив тыңдаушы күйінде қалдырмай, ой еңбегіне жетелейді. *Ойлану, пайымдау, қорыту, ұғу, түсіну* сияқты бірліктер ойдың бағытын айқындаса, *есеп алу, таразылау, бекіту* тәрізді әрекеттер арқылы ой жүйеге түседі. Осы ерекшелікке сай, қара сөздердегі таным білім жинаумен шектелмей, өзін-өзі тануға, мінезді түзетуге, шешім қабылдауға алып баратын ішкі жауапкершілік ретінде көрінеді. Менталды етістіктер контекст ішінде кеңейіп, ақиқатқа жақындау, себепті табу, қателікті аңғару, дұрыс жолды ұстану сияқты бағыттаушы мағыналық реңктерді тұрақты түрде үстеп отырады.

Екіншіден, қара сөздерде менталды мағына көбіне күрделі құрамды үлгілер арқылы берілетіні анықталды. *Ақыл, ой, көңіл* тірек сөздерімен жасалған тіркестер, көмекші етістікті құрылымдар және тұрақты орамдар танымның ішкі қадамдарын нақтыландырып, қабылдау, ұғыну, бағалау, бекіту тәрізді бірізді логиканы қалыптастырады. Мысалы, *ұғып алу, ойлап қарау, тексертіп көру* секілді қолданыстар танымды жорамал деңгейінде қалдырмай, дәлелдеуге ұмтылатын әрекет ретінде танытады. Ал *көңілге түю, көңілге бекіту* тәрізді тіркестер білімнің санада орнығып, өмірлік ұстанымға айналуын білдіреді. Керісінше, *орынсыз күмән, сөз аңду* сияқты қолданыстар ойдың теріс арнаға бұрылуын көрсетіп, оқырманды сақтыққа шақырады. Қорыта айтқанда, Абайдың менталды етістіктер жүйесі оқырман санасында дұрыс пен терісті, сондай-ақ екіұдай жағдайды айыра білетін бағалау өлшемін қалыптастырып, жақсыны тануға, жаманнан бойды аулақ ұстауға жетелейтін тұтас таным мәдениетін ұсынады.

Қорытынды

Бұл зерттеу Абай қара сөздеріндегі менталды етістіктердің танымдық сипатын аша отырып, олардың мәтіндегі ой желісін жинақтап, бағыттап отыратын тірек қызметін айқындады. Қара сөздерде мұндай етістіктер тек ойды «қозғап қоюмен» шектелмейді, оқырманды өзіне үңілуге, себеп пен салдарды салыстыруға, дұрыс пен терісті айыра білуге баулиды. *Ойлау, пайымдау, қорыту, ұғу, түсіну* сияқты бірліктер арқылы Абай ойдың қалай жүруі керегін көрсетсе, *сену,*

күмәндану, байқау, ескеру тәрізді қолданыстар сөзге ермей, дәлелге сүйену дағдысын орнықтырады. Ал *ниет ету, үміттену, мақсат қылу* секілді етістіктер ойдың әрекетпен байланысын күшейтіп, адамды тандау жасауға, бір бағытта тұрақтауға итермелейді. Соның нәтижесінде Абайдың менталды етістіктер жүйесі ұлттық танымның өлшемдерін тіл арқылы танытып, оқырманға ой мәдениетін үйрететін әсерлі құрал ретінде көрінеді.

Қазақтілді жасанды зерде үшін менталды етістіктердің маңызы осы тұста айқын көрінеді. Олар мәтіндегі пікір, дәлел, бағалау, күмән, сенім, ниет сияқты ішкі мазмұнды танытатын басты белгілердің бірі болғандықтан, бұл қабат толық ашылмаса, ЖИ жүйесіне мәтіндегі адамның ойлау барысын, ұстанымын, бағалау өлшемін, астарлы нұсқауын дәл тану қиынға соғады. Соның салдарынан қорытындылау, сұраққа нақты жауап беру, уәжді түсіндіру, эмоциялық реңкті ажырату тәрізді міндеттерде жаңсақтық көбейеді.

Сондықтан отандық QazLLM үшін Абай қара сөздерінен алынған менталды етістіктер материалын жүйелеу өте өзекті: біріншіден, ол қазақ тіліндегі «ойлау мен бағалау» модельдерін табиғи, ұлттық мәтін негізінде береді; екіншіден, менталды етістіктердің дара, күрделі, тұрақты орам арқылы берілуін қамтып, ЖИ-ге семантиканы тек сөз деңгейінде емес, құрылым мен контекст деңгейінде үйретуге мүмкіндік ашады; үшіншіден, этикалық бағдар мен таным логикасы ұштасқан мәтіндер ЖИ-дің жауап беру мәдениетін, түсіндіру дәлдігін күшейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, менталды етістіктерді арнайы белгілеу, мысалмен байыту, құрылымдық үлгілерін көрсету QazLLM-нің мәтінді түсіну сапасын көтеретін нақты қадам әрі қазақ тіліндегі танымдық мазмұнды модельдеудің сенімді ғылыми негізі болады.

Әдебиеттер

- Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – Москва: Языки славянской культуры, 1999. – 896 с.
 Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Он екі том. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022. – 4-том. – 384 б.
 Васильев Л.М. Значение в его отношении к системе языка. – Уфа: БашГУ, 1985. – 128 с.
 Ильиш Б.А. История английского языка. – Москва: Высшая школа, 1968. – 420 с.
 Қасым Б. Когнитивті семантика. – Алматы: Kemel kitap, 2024. – 256 б.
 Құрманбайұлы Ш. Абай шығармаларындағы «қыл» етістігінің қолданысы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №3 (179). – 74-85-бб. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v179.i3.ph9>
 Макеева И.И. Исторические изменения в семантике некоторых русских ментальных глаголов. – Москва: Наука, 1993. – 405 с.
 Мамадиярова Н., Қасым Б., Талдыбаева М. Интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктердің мағынасы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №4 (138). – 29-43-бб. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.271>
 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
 Оразов М. Етістік. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2001. – 387 б.
 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
 Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 384 б.
 Уәли Н. Тілтанымдық зерттеулер. Бірінші кітап. – Алматы: Асыл ЖК, 2025. – 424 б.
 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
 Davis, E., Landau, B. Seeing and Believing: The Relationship between Perception and Mental Verbs in Acquisition // Language Learning and Development. 2021. No.1 (17). Pp. 1-27. <https://doi.org/10.1080/15475441.2020.1862660>
 Hacquard, V., Lidz, J. On the Acquisition of Attitude Verbs // Annual Review of Linguistics. 2022. No.8 (115). Pp. 193-212. <https://doi.org/10.1146/annurev-linguistics-032521-053009>
 Karttunen, L. Implicative Verbs // Language. 1971. No.2 (47). Pp. 340-358. <https://doi.org/10.2307/412084>
 White, A.S., Hacquard, V. Semantic Information and the Syntax of Propositional Attitude Verbs // Cognitive Science. 2018. No.2 (42). Pp. 416-456. <https://doi.org/10.1111/cogs.12512>

References

- Arutjunova, N.D. (1999) Jazyk i mir cheloveka. Moskva: Iazyki slavjanskoj kul'tury, 896 s. [Arutyunova, N.D. (1999) Language and the World of the Human Being. Moscow: Languages of Slavic Culture Publishing House, 896 p.] (in Russian)
 Baitursynuly, A. (2022) Til-qural. On eki tom. Astana: «Alashorda» QQ. 4-tom. 384 b. [Baitursynuly, A. (2022) Language Tool. In Collected Works in Twelve Volumes (Vol. 4). Astana: Alashorda Public Foundation, 384 p.] (in Kazakh)
 Davis, E., Landau, B. (2021) Seeing and Believing: The Relationship between Perception and Mental Verbs in

- Acquisition. Language Learning and Development. No.1 (17). Pp. 1-27. <https://doi.org/10.1080/15475441.2020.1862660> (in English)
- Hacquard, V., Lidz, J. (2022) On the Acquisition of Attitude Verbs. Annual Review of Linguistics. No. 8 (115). Pp. 193-212. <https://doi.org/10.1146/annurev-linguistics-032521-053009> (in English)
- Ilish, B.A. (1968) Istorija anglijskogo jazyka. Moskva: Vysshaja shkola, 420 s. [Ilyish, B.A. (1968) History of the English Language. Moscow: Higher School Publishing House, 420 p.] (in Russian)
- Karttunen, L. (1971) Implicative Verbs. Language. No.2 (47). Pp. 340-358. <https://doi.org/10.2307/412084> (in English)
- Makeeva, I.I. (1993) Istoricheskie izmeneniya v semantike nekotoryh russkikh mental'nyh glagolov. Moskva: Nauka, 405 s. [Makeyeva, I.I. (1993) Historical Changes in the Semantics of Certain Russian Mental Verbs. Moscow: Science, 405 p.] (in Russian)
- Mamadiyarova, N., Qasym, B., Taldybaeva, M. (2025) Intellekualdy areketi bildiretin etistikterding magynasy. Jasau universitetining habarshysy. № 4 (138). 29-43-bb. [Mamadiyarova, N., Qassym, B., Taldybaeva, M. (2025) The Meaning of Verbs Denoting Intellectual Activity. Bulletin of Yasawi University. No.4 (138). Pp. 29-43.] <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.271> (in Kazakh)
- Mamanov, Y. (2014) Qazaq til bilimining maseleleri. Almaty: Abzal-Aj, 640 b. [Mamanov, Y. (2014) Issues of Kazakh Linguistics. Almaty: Abzal-Ai, 640 p.] (in Kazakh)
- Orazov, M. (1991) Qazaq tilining semantikasi. Almaty: Rauan, 216 b. [Orazov, M. (1991) Kazakh Semantics. Almaty: Rauan, 216 p.] (in Kazakh)
- Orazov, M. (2001) Etistik. Almaty: Y. Altynsarin atyndagy Qazaqtyng bilim akademijasynyng Respublikalyq baspa kabineti, 387 b. [Orazov, M. (2001) Verb. Almaty: Republican Publishing Office of the Y. Altynsarin Kazakh Academy of Education, 387 p.] (in Kazakh)
- Qasym, B. (2024) Kognitivti semantika. Almaty: Kemel kitap, 256 b. [Qassym, B. (2024) Cognitive Semantics. Almaty: Kemel kitap, 256 p.] (in Kazakh)
- Qurmanbajuly, Sh. (2020) Abaj shygarmalaryndagy «qyl» etistigining qoldanysy. QazUU Habarshysy. Filologiya serijasy. №3 (179). 74-85-bb. [Qurmanbajuly, Sh. (2020) The Use of the Verb “qyl” in Abai’s Works. KazNU Bulletin. Philology Series. No.3 (179). Pp. 74-85.] <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v179.i3.ph9> (in Kazakh)
- Syzdyq, R. (2004) Abajdyng soz ornegi. Almaty: Arys, 208 b. [Syzdyq, R. (2004) Abai’s Verbal Artistry. Almaty: Arys, 208 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq, R. (2014) Abaj shygarmalarynyng tili. Leksikasy men grammatikasy: Koptomdyq shygarmalar zhinagy. 1-tom. Almaty: El-shezhire, 384 b. [Syzdyq, R. (2014) The Language of Abai’s Works: Lexicon and Grammar. Collected Works (Multi-volume Edition), Vol. 1. Almaty: El-shezhire, 384 p.] (in Kazakh)
- Uali, N. (2025) Tiltanymdyq zertteuler. Birinshi kitap. Almaty: Asyl JK, 424 b. [Uali, N. (2025) Linguistic Studies. Book 1. Almaty: Asyl JK, 424 p.] (in Kazakh)
- Vasil'ev, L.M. (1985) Znachenie v ego otnoshenii k sisteme jazyka. Ufa: BashGU, 128 s. [Vasilyev, L.M. (1985) Meaning in Its Relation to the Language System. Ufa: BashGU, 128 p.] (in Russian)
- White, A.S., Hacquard, V. Semantic Information and the Syntax of Propositional Attitude Verbs. Cognitive Science. 2018. No.2 (42). Pp. 416-456. <https://doi.org/10.1111/cogs.12512> (in English)
- Ysraqov, A. (1991) Qazirgi qazaq tili: Morfologiya. Almaty: Ana tili, 208 b. [Ysraqov, A. (1991) Modern Kazakh Language: Morphology. Almaty: Ana tili, 208 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.